

7 класс

*Тәуке хан.*



Оқушыларға қазақ хандары жөнінде білімдерін толықтыру.

Қосымша мәліметтермен жұмыс жасау арқылы оқушының ой – өрісін кеңейту

### Мақсаты

Оқушының пәнге қызығушылығын арттыру

Оқушыларды өз елін сүйуге, еліне адал қызмет етуге тәрбиелеу.



Сабақ типі:

Интерактивтік оқыту

Сабақ әдіс – тәсілі:

Тірек – схеманы пайдалану, топтастыру, мәлімет жинақтау т.б.

Көрнекіліктер:

Тақта, суреттер, плакат т.б.

Сабақ барысы:

I Ұйымдастыру  
II Үй тапсырмасын тексеру  
III Жана сабақ  
IV Жана сабақты бекіту  
V Үйге тапсырма  
VI Бағалау


**Әз Тәуке хан  
немесе  
Мұхамед Батырхан**

**Салқам  
Жәңгірдің ұлы**

**Тәуке хан  
1680 – 1715 жж.  
«Алтын ғасыр» д.а.**

**Бейбіт өмір орнады, қатаң  
заңдар сақталды.**

**32 қалаға пелік етті.**




Қырғыздар мен қарақалпақтарға билігі жүрді.  
Тәуке қазақтың өзінен шыққан данагөй  
ақсақалдарға арқа сүйеді. Соның ішінде...



Үйсін Төле би



Қаз дауысты  
Қазыбек би



Алшын  
Әйтеке би



Сонымен қатар қарақалпақта Сасық би және қырғыздағы Қоқым билер ел басқару ісіне араласты.

**XVIIғ.б. – XVIIIғ.а.  
шығарылған заң.**

Өмірге әкелген —  
Тәуке хан мен оның билері. Мұны  
олар Әз Тәукенің **«Жеті жарғысы»**  
деп атады.

## **Ол жарғыдағы негізгі баптар мыналар:**

**1-жарғы (бап). Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын.**

**2-жарғы (бап). Түркі халықтарының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын.**

**3-жарғы (бап). Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын.**

**4-жарғы (бап). Өзге біреудің өйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзғандарға өлім жазасы бұйырылсын.**

**5-жарғы (бап). Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлікті ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын.**

**6-жарғы (бап). Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегі мүліктей күн төленсін:**

**а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, қызы болмаса, қыздың қалың малын беруге тиіс;**

**ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі ат береді.**

**7-жарғы (бап). Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүліктер үшін он есе артық айып төленсін.**



Ханның ордасы орналасқан қала – қасиетті Түркістан қаласы болды.  
Үш жүздің басын қосып құрылтай өткізген жер – Күлтөбе. (Оңт.Қ.аум)  
Қырғыздармен, қарақалпақтармен әскери одақ құрды.  
1694ж. І Петрмен елші Аталықов арқылы сауда байланысын дамытуға келісім жасаған.  
1715 ж. Тәуке өлгеннен кейінгі мирасқоры – Қайып.  
1716 ж. Қайып ханның Тобольскіге елшілікті Бекболат Екешов пен Байдаулет Бориев басқарды.

Тәуке хан жасағы 80  
мыңға жуық  
жауынгерден тұрды.

Билер кеңесі өтетін  
жер: Битөбе,  
Мартөбе, Күлтөбе

Көрсеткен жеке  
ерлігі үшін батыр  
атағы берілді.

Ханның ішкі  
өмірімен сыртқы  
саяси өмірінің  
маңызды істерін  
атқарған – билер.



**Тарихшылар Тәукені «Қазақ  
ордасының Ликургі» деп бағалайды.**

*«Ликург» деген бір кезде ежелгі Грекияда көне Спартаның ақылгөй Заңгері болған, сондықтан ақылды, көреген қайраткерлердің бәрін Еуропалық ғалымдардың «Ликург» деп атауы қалыптасып кеткен. Тәуке ханды бұлай сипаттаған кейінгі зерттеуші Еуропалық ғалымдар.*

---



# ҚАЗАҚСТАН XVI – XVIII ҒАСЫРДА

Р Е С Е Й

НОҒАЙ  
ОРДАСЫ

С И Б И Р  
Х А Н Д Ы Ғ Ы  
(XVIII ғ. басы)



**1716 – 1720 жылы  
Ертістің оң жағына  
салынған бекіністер**

- ← – Қазақ хандарының жорықтары
- ← – Жоңғарлардың жорықтары
- X – Аягөз шайқасы, 1717 ж.
- X – Анырақай шайқасы, 1729 ж.
- X – 1723-1725 ж. ж. Түркістан мен Тәшкеннен айрылу (Ақтабан шұбырынды жылдары)
- ← – Торғауып-қалмақтардың ірге аударуы

- Қазақ хандығының астаналары
- Абылай хан иелігінің аумағы
- Абылай ханның ордасы



Әйтке би    Қазыбек би    Төле би

## Бөгенбай батыр



*1710 жылы қазақ ақсүйектерінің құрылтайы Қарақұмда өткізілді. Онда жауға қарсы Бөгенбай батыр бастаған бүкілқазақтық жауынгерлік жасақ құру жөнінде шешім қабылданды.*



*Әбілхайыр хан*

*Кіші жүздің ханы  
етіп сайланды.*